

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 1509 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 806 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 25-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 1509 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 51, 675-құжат; 2006 ж., N 41, 446-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі туралы ережеде :

5-тармақтың 3) тармақшасындағы "шетелдік" деген сөз алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев